***«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің 2023 – 2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие жұмысының І жартыжылдық есебі***

2023 – 2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс – шаралар өткізілді. Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата – ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар – ұждан, намыс, жауакершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатыы өмір салтын ұстануға, о тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс – әрекетін, мінез – құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар – ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар – ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез – құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуда, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар – ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және

Сканировано с Cam

жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптастады.

Ар – ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата – анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық,үнемшілдік,қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым – қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.т

***Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:***

1 – Қыркүйек күні «Мектеп – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өткізіліп, 1 сынып оқушыларын салтанатты түрде мектепке қабылданды.

Жиынға барлық сынып оқушылары мен ата – аналар, ауылдық әкімдік ұйымынан келген қонақ және ауыл тұрғындары қатысты.
Мерекелік салтанатты жиын сағат 10:00 – де басталды. Жиынымыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды.

Мектеп директоры Махамбетов Амантай Қалқаманұлы құттықтау сөз сөйлеп, бүлдіршіндерді бүгінгі мерекелерімен құттықтап, жиын қонақтарымен бірге 1 сынып оқушыларына Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы – ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы Ахмет Байтұрсынұлының тұңғыш «Әліппе» оқулығын тапсырды.

2 – 11 сыныптарда «Мектеп-мейірім мекені» атты тәрбие сағаттары өткізілді.









Сканировано с Cam

Қыркүйектің айында 1 – 9 сынып жетекшілері «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып сағатында оқушылардың жолда дұрыс жүріп, қоғамдық көліктердің күнделікті тұрмыста алатын орны туралы, жол белгілерін ажырата білуді үйретті. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құлмағанбет М.Д және мектеп психологі М.Б.Жұмабекова «Балалардың құқығын қорғау комитетінің» сенім телефондарымен таныстырып, ескертпелер, ақпараттық материалдар таратты.
Отбасы күнін мерекелеу шеңберінде іс – шаралар ұйымдастырылады.
Іс – шара барысында «Мерейлі Отбасы» тақырыбында 1-4 сынып ата – аналар мен оқушылар арасында спорттық жарыстар өткізіліп, жеңімпаз деп танылған отбасыларды арнайы мадақтамалармен марапатталады. 5-9 сыныптар арасында «Отбасы құндылықтар аралы» атты сынып сағаттары өткізілді.
https://www.instagram.com/p/CxKt1yWA3tH/?hl=am-et



**Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:**

- Мектебіміздің мамандары ПБ – нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.
  Мақсаты: түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда-саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21 жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.

https://www.instagram.com/p/CxUhuotIWSN/?hl=am-et



**2022 жылғы 31.12. 1147 хатына сәйкес төмендегідей шаралар жүргізілді:**

- Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру барысында «Жемқорлық індет, жою міндет» тақырыбында адалдық сағатын өткізді.

https://www.instagram.com/p/CxVpDvJo-14/?hl=am-et

Сканировано с Cam

https://www.instagram.com/p/CxWC0J4oneV/?hl=am-et




**Жалпы ата – аналар жиналысы өткізілді.**
**Тақырыбы:** «Отбасы-ұрпақ тәрбиесінің қайнары»
**Мақсаты:** ата – ана мен бала арасындағы байланысты нығайту; Ата – аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
https://www.instagram.com/p/CxuWxj_owij/?hl=am-et



Қазан айында «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» аясында іс – шара ұйымдастырылып, онда Жас Ұлан Ұйымы жалғызбасты қарттарға қол көмегін көрсету мақсатында үйлеріне барып, қол үшін тигізіп көмектесті. Қазанның 1-і күні «Қарты бар үйдің – қазынасы бар» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: рухани адамгершілік тәрбие беру, оқушыларды үлкенді сыйлап тыңдай білуге, мейірімділікке, инабаттылыққа, ізгілікке тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/Cx26opzo5uu/?hl=am-et

https://www.instagram.com/reel/Cx8qprvgzUX/?hl=am-et

https://www.instagram.com/p/Cx8riMrA7-L/?hl=am-et

https://www.instagram.com/reel/Cx9ngHNIJKl/?hl=am-et



Сканировано с Cam

Қазанның 5-і күні ұстаздар күніне арналған мерекелік іс – шара өткізілді. Онда жоғары сынып оқушылармен «Дублер күні» ұйымдастырылды. **«Ұстазым менің, ұстазым»** атты мерекелік ән шашуларын тарту етті. **«Ұстаз! Сіздің алдыңызда....»** мерекелік іс-шара өткізілді.
Мақсаты: рухани адамгершілік тәрбие беру, қстаздар мен оқушылар арасындағы қарым – қатынасты нығайту.
**https://www.instagram.com/reel/CyC49 oymM/?hl=am-et**
**https://www.instagram.com/reel/CyRMxfLIMft/?hl=am-et**
**https://www.instagram.com/reel/Cx-RPMXotcQ/?hl=am-et**





Қазанның 11 – і күні директордың ТІЖ орынбасары Құлмағанбет М.Д мен мектеп психологі 8-11 сынып қыздарымен **«Қыз баланың бой жетуі»** тақырыбында жиналыс өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CyRMxfLIMft/?hl=am-et




Қазан айында 25 қазан Республика күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді. «Байтақ елім-Қазақстан» атты тақырыпта кітап көрмесі өтті. «25 Қазан Республика күні» тақырыбында спорттық жарыстар ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/Cyx3gsSILhX/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/CyyUbqQo1mM/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/CyycK0hIPqn/?hl=am-et
https://www.instagram.com/p/CyyfqqlI50b/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/Cy3Drd0oJJx/?hl=am-et



Сканировано с Cam

Қараша айында Алтын күз мерекесіне байланысты 5-7 сынып аралығында «Күзгі думан» тақырыбында мерекелік кеш өткізілді. Кеш сайыс түрінде өткізіліп, оқушылар күздің берекесі мен молшылығы туралы білімдерін көрсетіп, ән салып, би билеп, күй тартып күз кешіне арналған сән үлгісін көрсетті. Кештің мақсаты оқушылар бойына күздің берекесі мен байлығын сезіндіру, шығармашылық өнерлерін дамыту мақсатында өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/CzT9eqjoFfL/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C0RLvITоAUK/?hl=am-et




**Қауіпсіз терезе бойынша өткізілген шаралар:**
Терезелерден балалардың түсу фактілеріне жол бермеу және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ата – аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді.
https://www.instagram.com/reel/C0dggleo1jD/?hl=am-et





Қарашаның 11 – 15 аралығында Ұлттық Валюта күніне байланысты іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында 1-11 сынып жетекшілері әр сыныпта сынып сағаттарын өткізіп, тәлімгер Джубанышева Ш.Г. «Ұлттық Теңге – ұлт мақтанышы» тақырыбында танымдық сабақ өткізді.
Мақсаты: оқушыларға азаматтық – патриоттық тәрбие беру, ұлттық валютаның маңызын, ел үшін мақтанышын түсіндіру.

1-Желтоқсан – Дүниежүзілік СПИД – пен күрес күніне орай тәлімгер Джубанышева Ш.Г. түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
Мектеп психологі: М.Б.Жұмабекова 7-8 сынып оқушыларымен «Өмір сен қымбатсың маған» атты тренинг өткізді. Мақсаты: оқушыларға өмірдің адам үшін қаншалықты қымбат екенін түсіндіріп, өмірге деген құштарлығын арттыру.
https://www.instagram.com/p/C0ejM0roWYk/?hl=am-et

Сканировано с Cam



Білім бөлімінің бұйрығы негізінде мектебімізде қызылшаның алдын алуға, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру мақсатында жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Онда мектеп медбикесі «Қызылшаның таралу жолы, этиологиясы сақтану шаралары» тақырыбында баяндама оқып, слайд арқылы көрсетті. Себепсіз сабақтан қалған, қызылшамен ауырған оқушылар жоқ.

https://www.instagram.com/p/C01gwWclbHb/?hl=am-et



Желтоқсанның 11-15 аралығында ҚР Тәуелсіздігіне арналған түрлі іс-шара ұйымдастырылды. 1-4 сынып жетекшілері Тәуелсіздік күніне арналған «Көк тудың желбірегені» атты патриоттық сағаттарын өткізді.

Желтоқсанның 15-і күні «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында мерекелік іс – шара өткізілді. Мақсаты: оқушыларды азаматтық – патриоттыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/C04nuFoIDKA/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C04oKIuoZzb/?hl=am-et
https://www.instagram.com/p/C04pmqmIr8A/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C04vbwtI0JO/?hl=am-et



Сканировано с Cam

Желтоқсанның 28-і күні сағат 10:00 де 0-4 сынып аралығында «Сиқырлы Жаңа-Жыл», ал 14:00-де 5-7сынып аралығында «Қош келдің, Жаңа – жыл» атты шырша мерекесі өткізілді. 17:00-де 8-11 сынып аралығында «Жаңа 2024 жыл» атты іс шара өткізілді. Ертеңгілікке барлық оқушы қатысып Аяз атаға арнап ән салып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.
https://www.instagram.com/reel/C1pRYXXIhDd/?hl=am-et





Нәтиже: оқушылардың бойынан жүргізілген әрбір тәрбие сағаттары арқылы Отанға, мектепке, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянды. Адамгершілік, имандылық, үлкенді сыйлау, кішіге көмек қолын созу, көпшілік ортада, жолда өзін қалай ұстау керек екенін үйренді. Мен оны оқушылардың сабаққа қызығушылықпен қатысуынан байқадым.

Мектеп директоры: А.К.Махамбетов

Директордың ТІЖ орынбасары: М.Д.Құлмаханбет

Сканировано с CamScanner

***«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ – нің 2023 – 2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие жұмысының II жартыжылдық есебі***

«Оқуға құштар» жобасы аясында қысқы демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатында «Қыста кітап оқимыз» акциясы ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C1vwHAOI0EI/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C1v7DyuoKlR/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C1v7t5ioh0p/?hl=am-et



Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі №1796 қатынас хаты негізінде Ақтөбе облысының білім басқармасының ағымдағы жылдың 21 қыркүйектегі №2/4221 хатында көрсетілген 15 қыркүйекте облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен кәмелетке толмағандар арасындағы және оларға қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында облыстық полиция департаменті өкілдерінің қатысуымен өткен кеңес қаулысына сәйкес, мектеп пен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналар мен мұғалімдер кезекшілігі әкімшілік келісімімен арнайы уақытта атқарылды.
https://www.instagram.com/p/C2PczsQIvle/?hl=am-et



«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де «Сырласу» қыздар ұйымының кезекті отырысы өткізілді.
Жиналыс барысында мектеп мейірбекесі Санкулова Арайлым Сериковнажәне мектеп психологі Жұмабекова Мәрмәр Берікқызы «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.
https://www.instagram.com/reel/C2kFk_KIlQc/?hl=am-et

Сканировано с Cam

 

Дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі, аудандық дін орталығының басшысы Ә.Маусымов және Ақтөбе облысының орталық Нұрғасыр мешітінің наиб имамы Смағұлов Нұрбол «Деструктивті діни ағымнан сақтану жолдары» тақырыбында мектебіміздің жоғарғы сынып оқушыларымен кездесті. Атқарылған шараның мақсаты - экстримизм мен тероризм көріністерінің алдын алу. Ел болашағына кесірін тигізетін түрлі діни секталардан жастарымызды қорғау.

https://www.instagram.com/reel/C2kOA4Wl6bE/?hl=am-et

 

«ХабарласПа!/НеСвязывайся!» - бұл теріс діни ағымның ықпалына түсіп, өмірі өзгерген жасөспірімнің сұхбаты. Бұрынғы құндылықтарды, дәстүрлер мен нанымдарды жоққа шығарып, ол радикалды идеяларды насихаттаушы болды. Кәмелетке толмағандарға арналған колонияда жасөспірім өзінің әрекеті дұрыс еместігін түсінеді. Ол «білместікпен» жасаған ісіне өкініп, туыстары мен жақындарынан кешірім сұрайды, адамдарды экстремистік идеологияны таратушылардың «тұзағына» түспеуге шақырамыз.

https://www.instagram.com/reel/C2to94RoaK3/?hl=am-et

 

30 Қаңтар күні 6-сынып оқушыларынан құқықтық мәдениетті қалыптастыру және құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты сауалнамалар алынып, оқушылардың құқықтық мәдениетті көтеруге байланысты қандай әрекеттер жасалуы керек екендігі туралы сұрақ қойылып, жауаптары тыңдалды.

https://www.instagram.com/p/C2u2GvsI0yn/?hl=am-et



Сканировано с Cam

Мүғалжар ауданының білім бөлімі Ақтөбе облысының білім басқармасы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 10.01.2024 жылғы № 3-21-4/197 И хаты негізінде Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың және олардың құқықтарымен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру шеңберінде мектептерде оқушының оң-мінез құлық тәжірибесін насихаттау мақсатында іске қосылған «ДосболLike» науқаны аясында мектеп психологі Жұмабекова Мәрмәр Берікқызының ұйымдастыруымен оқушыларға сенімділік пен жағымды көңіл-күй сыйлау үшін мектеп ұстаздарынан «Оқушыма бір тілек» айдары.
https://www.instagram.com/reel/C2u5LdtIsPb/?hl=am-et




Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына орай "Өлеңім өмір айнасы" атты кітапханалық сабақты 7—11 класс оқушыларына арнап, Қайыңды ауылдық кітапханасымен бірлесіп іс-шара өткізілді. Шара барысында ақынға арнау өлеңдері оқылып, ақын поэмасын құрастыру тақырыбында тапсырмалар орындалды. Сондай-ақ, ақынның өмір жолы мен шығармашылығын таныстырылып, кітаптары насихатталды.
https://www.instagram.com/reel/C2x49vWo_k5/?hl=am-et



9 ақпан - ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай 9-10 класс оқушыларының қатысуымен «Ғашық жүрек» тақырыбында әдеби-музыкалық поэзия кеші ұйымдастырылды.
Ұйымдастырушы: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А. А. Имангазина
https://www.instagram.com/reel/C3IqBY_oE-d/?hl=am-et




Сканировано с Cam

«Ата-аналарды ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ»

Бүгінгі таңда балалардың қауіпсіздігі, олардың денсаулығы мен қорғалуы, әл-ауқаты, білімі мен әлеуметтік жағдайы – басты назарда. Бұл туралы Президент: «Әлемде балалардың бақыты мен күлкісінен маңызды ештеңе жоқ. Өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау – әрқашан біздің мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі», деген еді.

Бала тәрбиесінде отбасының рөлі зор. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың айтуынша, сапалы білімді, патриотизмді, нағыз маман болуды, үнемшілдік пен еңбекқорлықты қалыптастыруға оқушы – мұғалім – ата-ана бірлесе жұмыс атқаруы шарт. Сол себепті министр тәрбие жұмысының рөлін күшейту мақсатында республикадағы мектептерде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын ашуды тапсырған.

Маңызы бар жобаның міндеті – балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуге ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыретін дамыту.

Осы міндетті жүзеге асыру мақсатында біздің мектебімізде де «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (арнайы бұрышы) ашылды.

Салтанатты жиын барысында ата-аналарға арналған тренингтер, оқушылар өз өнерлерін ортаға салды.

https://www.instagram.com/reel/C3RvTFoIigz/?hl=am-et





Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінде оқушылардың позитивті қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту,
мектебіміздегі достықты нығайту мақсатында
"ДосБолlike:достық қолын ұсын" акциясы барысында,
"Құрбылар кеші" ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/C3XVU9lo78E/?hl=am-et




«Досболlike»: достық қолын ұсын»

Мектебімізде «Досболlike» акциясы аясында 3 класс оқушылары және ата-аналарының қатысуымен «Көңілді бояулар» іс-шарасы (Цветная вечеринка)

Сканировано с Cam

ұйымдастырылды.
Іс-шара барысында оқушыларға және ата-аналарға арналған көңілді ойындар ойнатылып, түрлі-түсті тәттілер ұсынылды.
Ұйымдастырушы: 3 класс жетекшісі С. К. Алимова
https://www.instagram.com/reel/C3XVaeGIR9K/?hl=am-et



«Dosbollik» акциясына аясында «Көтеріңкі көңіл -күй» тақырыбында мектеп оқушылары ұстаздарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында жылы сөздер жазылған сый-хаттар таратып, тәттілерімен қуантты. Әрдайым күліп жүріңіздер!
Ұйымдастырушы-педагог: Ш. Г. Джубанышева
https://www.instagram.com/reel/C3XWNJ7ouRA/?hl=am-et



"Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі"КММ-де Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына байланысты "Ерлікке тағзым" атты электронды кітап көрмесі ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/p/C3XvvaZoZ4V/?hl=am-et




"Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі"КММ-де Ауғанстаннан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына байланысты "Мерген сарбаз" атты пневматикалық мылтықтан нысана көздеп ату жарысы ұйымдастырылды.

Сканировано с Cam

https://www.instagram.com/reel/C3XvzYjocXJ/?hl=am-et



Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясында, Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сыныптар арасында волейбол жарысы өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C3zxyZ3o2ea/?hl=am-et



Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінде 5-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында кезекті мектепішілік рейд жұмыстары жүргізілді.
https://www.instagram.com/p/C3zx3FBo9bt/?hl=am-et



«АЛТЫН ЖҮРЕК» республикалық челленджі
https://www.instagram.com/reel/C34iOebgVAy/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C34kB_XAElC/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C37gblOI0fV/?hl=am-et



Ақтобе облысының білім басқармасының #01-14/485 шығыс хаты негізінде Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінде 1 наурыз - Алғыс айту күніне орай

Сканировано с Cam

8-11 класс оқушылары арасында «Алғыс айту - парызым» тақырыбында шығармалар байқауы ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C3-Xu3aInBF/?hl=am-et




ҚР - нің Оқу - ағарту министрлігі әзірлеген "Тоғыз ай 9 іс — шара" тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Республикалық " Оқу құштар мектеп " республикалық челенджін ұйымдастырып, Халық Қаһарманы, Ұлы Отан соғысының ардагері Қасым Кайсеновтың "Жау тылындағы бала" атты повестьін 7 класс оқушылары оқып, оқырмандарға осы кітапты оқуға ұсынады.
Ұйымдастырушы: мектеп кітапханашысы К. Р. Ниязова
https://www.instagram.com/reel/C4Hqs0jodFJ/?hl=am-et



8 наурыз - халықаралық нәзік жандылар мерекесіне орай «Мерген ару - 2024» қыздар арасында пневматикалық мылтық ату сайысы ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C4MC3IFoETI/?hl=am-et




Ұлы Отан Соғысының ардагері, Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы - Сағадат Нұрмағамбетовтің және Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай жоғары сынып оқушыларының қатысуымен ерлік сабағы ұйымдастырылды. Ерлік сабағында батырларымыздың өмірбаяны, ел жадындағы ұмытылмас ерлік істері, қазақ халқына сіңірген еңбегі туралы баяндалып, арнайы

Сканировано с Cam

бейнероликтер көрсетілді.
Ұйымдастырушы: АӘД пәні мұғалімі А. С. Абдикаликов
https://www.instagram.com/reel/C4NZrKSozVj/?hl=am-et



«Наурызнама» – Қазақстандағы Наурыз Мейрамын тойлаудың жаңа форматы
14 наурыз – Көрісу күні
https://www.instagram.com/reel/C4ii_p2lNsl/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C4icxmAo8w6/?hl=am-et




15 наурыз-Қайырымдылық күні Мейірімділік пен жанашырлық, өзара көмек көрсету - Ұлы Даланың басты құндылықтарының бірі
https://www.instagram.com/reel/C4lJTWdIubd/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C4p8gE5oKtJ/?hl=am-et




16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетті, өнерді және ұлттық құндылықтарды насихаттауға арналады. Мерекені атап өту қарсаңына «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» тақырыбында МАД сыныбында ертеңгілік ұйымдастырылды. Баланы бесікке бөлеу рәсімі, аластау, шашу, тұсаукесер, бата беру,айтыс т.с.с түрлі дәстүрлерді түсіндіріп өткізді.

Сканировано с Cam

https://www.instagram.com/reel/C4p8wVqlzTI/?hl=am-et





17 наурыз – "Шаңырақ күні". Бұл күн отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналады. Ұлттық киім киген оқушылар өз шаңырақтарында отбасылық мерекені атап өтті. Әр шаңырақта отбасылық құндылықтар насихатталды.
https://www.instagram.com/reel/C4p9WqModUd/?hl=am-et



"Наурызнама" жоспарына сәйкес 18 наурыз-Ұлттық киім күні.
https://www.instagram.com/reel/C4p-U5MoPyw/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C4p_Z_KIKjb/?hl=am-et



Наурызнаманың онкүндігіне сәйкес, 20 наурыз - ұлттық спорт түрлері ұлықталатын күн.
Осыған орай, мектебімізде оқушылар арасында ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мақсатында көкпар мен аударыспақ ойындары ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C4ztijAgwJM/?hl=am-et





Сканировано с Cam

20.03.2024ж күні мектебімізде "Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні" атты мерекелік шара өткізілді.
https://www.instagram.com/reel/C5Npr6Lglgm/?hl=am-et





Ағымдағы оқу жылының 10-шы сәуір күні директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. С. Жакееваның ұйымдастыруымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Аталған шараға мектеп әкімшілігі мен жауапты мамандар қатысты.
https://www.instagram.com/p/C5lNWxLl1iL/?hl=am-et







Сенбілік өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C6D80WsoxdO/?hl=am-et





Иммунопрофилактика арқылы оқушылардың денсаулығын нығайтуға және қорғауға бағытталған жоспар аясында бастауыш және жоғары сынып оқушыларына мектеп медбикесі Санкулова Арайлым Серікқызының қатысуымен "Иммунопрофилактика, вакцина деген не?" тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізілді.
https://www.instagram.com/p/C6JaGnroFVO/?hl=am-et

Сканировано с Cam



1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Мамыр - ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес «Қазақстан - біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» тақырыбында 1-4 сынып оқушылары аралығында бірыңғай диктант жазу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/C6YsEG-IJTs/?hl=am-et



1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Мамыр - ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес «Қазақстан - біздің сүйікті, ортақ Отанымыз» тақырыбында 5-11 сынып оқушылары аралығында эссе жазу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/p/C6YtHyUI6-W/?hl=am-et





«Мамыр - ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес, мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары «Құстарға ұя сыйла» экологиялық акциясы барысында құстарға ұя

Сканировано с Cam

жасап, мектеп ауласына орналастырды.

Экологиялық тәрбие - табиғатқа деген жанашырлықты оқушылардың бойына сіңіру.

Мақсаты: Оқушыларды табиғатты қорғауға, құстарға қамқор болуға баулу.

https://www.instagram.com/reel/C6ZBhfVoU-M/?hl=am-et





«Мамыр-ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес «1 мамыр - Бірлік күніне» орай барлық сыныптарда «Бірлік сабақтары» ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.

https://www.instagram.com/p/C6aPJKzoXIK/?hl=am-et




«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де 7 мамыр-Отан қорғаушылар, 9 мамыр-Жеңіс күндері мерекелеріне орай 10-11 сынып оқушылары арасында «Ауа мылтығынан ату» және «АК-74 шашу және жинаудан» мектепішілік байқау өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C6i94Eao-CM/?hl=am-et





«Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебі» КММ- де мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын қолдау мақсатымен «Тал егу-игі іс» акциясы аясында «Түлектердің ағаш егуі» челленджіне өз үлестерін қосу мақсатында мектеп саябағына көшеттер

Сканировано с Cam

отырғызылды. Сонымен қатар, осы үдерісті дәстүрге айналдыру мақсатында эстафетаны 2024-2025 оқу жылының түлектеріне табыстады.
https://www.instagram.com/reel/C6ngzR-IayG/?hl=am-et





«Мамыр-ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні» және «9 мамыр - Жеңіс күні» мерекелерін ұлықтау мақсатында 5 сынып оқушыларының қатысуымен «Ерлік - ұрпаққа мұра» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.
Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, отанын сүюге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен, таныстырып, ой өрісін дамыту.
https://www.instagram.com/p/C64MtAoIMVF/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C64M9amo_C9/?hl=am-et






«Мамыр-ынтымақ айы» тұжырымдамасына сәйкес «10 мамыр - Игі істер» акциясы аясында мектебіміздің еріктілер тобы ауылымыздағы қарт жандарға қол ұшын созып, үй шаруасына көмектесті. Сонымен қатар, ата-әжелерімізге жылы лебіздерін білдіріп қайтты.
https://www.instagram.com/reel/C64Phhto88r/?hl=am-et






«12 мамыр - Аналар күні», «15 мамыр - Халықаралық отбасы күні» мерекелері қарсаңында мектебімізде «Менің анам», «Менің отбасым» тақырыптарынба 5-11 сыныптар арасында шығарма байқауы, «Менің анам», «Менің отбасым» тақырыптарынба 1-4 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылды.

Сканировано с CamScanner

ұйымдастырылды.
https://www.instagram.com/reel/C64QJ78osh9/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C64QloTIUCC/?hl=am-et







Ағымдағы оқу жылының аяқталуына байланысты оқушылар арасында әкімшілік құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандар арасындағы жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында ауылдық учаскелік полиция М. Уайсовтың қатысуымен 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналыс барысында М. Уайсов әкімшілік құқық бұзушылық туралы баяндама жасады. Әкімшілік құқық бұзушылық — мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпке, азаматтардың жеке меншігіне, құқылары мен бостандықтарына, белгіленген басқару тәртібіне нұқсан келтіретін кінәлі әрекет немесе әрекетсіздік. Осы заңнама бойынша бірнеше баптарға анықтама беріліп, оқушыларға қатаң ескерту жасалынды.
https://www.instagram.com/p/C7QjZasoRjI/?hl=am-et



2023-2024 оқу жылын қорытындылау мақсатында 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Білімім-Отаныма» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. 2023-2024 оқу-жылының қорытындысында өткізілген тәрбие сағатының мақсаты балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу.9,11 сынып түлектері балашақтан болашаққа қадам басуға ұйытқы болған мектебі мен ұстаздары жайында, мектеп қабырғасында өткен жылдар мен күндерді саралап «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында эссе жазды.

2023-2024 оқу жылының аяқталуы қарсаңында мектебімізде соңғы қоңырау рәсіміне арналған жиын өткізілді. Жиын ҚР Мемлекеттік Әнұранымен басталып,

Сканировано с Cam

оқушылардың назарына ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың 2023-2024 оқу жылының аяқталуына байланысты еліміздің мектеп оқушыларына арналған бейне құттықтауы ұсынылды. Сонымен қатар, жыл бойы оқуда озат, ғылым мен спорттық додаларда топ жарып, үздік нәтиже көрсеткен оқушыларымыз алғыс хаттармен марапатталды. Салтанатты жиын әрі қарай 1-10 сыныптардың қатысуымен «Білімім-Отаныма» тақырыбы аясында ұйымдастырылған бірыңғай сынып сағаттарымен жалғасты.
https://www.instagram.com/p/C7WsAiQIO_G/?hl=am-et
https://www.instagram.com/p/C7Wsp0AoZR5/?hl=am-et
https://www.instagram.com/p/C7Ws1wyowp3/?hl=am-et
https://www.instagram.com/reel/C7WxWeuIUPI/?hl=am-et



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні
Баланың ең сенімді қорғанысы – дені сау, тату, берекелі отбасы. Балалар біздің үмітіміз, болашағымыз. Қуаныш пен шаттыққа толы балалық шақтан асқан сұлулық жоқ, оны солай ету – отбасының, қоғамның, мемлекеттің міндеті.
Балаларды қорғау күнінің мақсаты – балалардың өмір сүруге, пікір бостандығына, білім алуға және қорғауға құқығы бар екенін еске салу.
Осы орайда, мектебімізде балалар күніне орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында балалар өнер көрсетіп, мектеп жанындағы жазғы лагерьдің ашылғандығы жарияланды.
Балаларға ауыл еріктілерінің демеушілігімен балмұздақтар таратылды. Сонымен қатар, мектебіміздегі аз қамтылған бір оқушымызға жеміс себеті табысталды.
https://www.instagram.com/reel/C7q8MxDIHxa/?hl=am-et




Қазіргі әлемде мемлекеттік рәміздер өзіндік визит карточкасы болып табылады, елдің бірегей ерекшеліктерін, дәстүрлерін көрсетеді. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет Қазақстан халқының күші мен қадір-қасиетін куәландырады, біздің патриотизмімізідің және жоғары азаматтығымыздың көрінісі. Рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбы аясында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.
Тәрбие сағаты ҚР Мемлекеттік Әнұранымен бастау алды.
Тәрбие сағаты барысында оқушыларымызға «Рәміздерім мақтанышымыз» тақырыбы аясында ҚР рәміздері туралы бейнематериалдары көрсетілді.
https://www.instagram.com/reel/C7yhkjuAnY3/?hl=am-et

Сканировано с Cam

https://www.instagram.com/p/C7yhSZVAP8G/?hl=am-et
https://www.instagram.com/p/C7yhDUGA4du/?hl=am-et



Мектеп директоры: А.К.Махамбетов

Директордың ТІЖ орынбасары: А.Б.Бимурзаева

Сканировано с Cam